

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты


ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі

Тобы: 119-14

Орындаған: Алым Я

Қабылдаған: Қылышбаев А



**Сайлау жүйесі деп
сайлауға қатысқан сайлаушылардың
дауыс беруін
есептейтін заң тарапынан
белгіленген
есептеу тетігін айтады**

**Демократиялық мемлекеттің маңызды белгісі-
оның азаматтарының лауазымды адамдар мен
мемлекеттік билік органдарын, сондай-ақ
жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға
еркін дауыс беру арқылы қатысуы болып
табылады.**





Атқарушы органдардың қызметін Үкімет басқарды.

Ал оның құрылуына Президент тікелей қатысады. Өз

қызметінде Үкімет

қызметінде Үкімет

Елбасы алдында жауапты әрі

Парламентке есеп беріп отырады. Тікелей және

өздері

сайлаған өкілдер арқылы халық ел басқару ісіне қатыса а.

стандағы сайлау республика азаматының өзінің сайлау жә

құқықтарын еркін жүзеге асыруға негізделген. Прези-

дентті, мәжіліс және мәслихат депутаттарын, жергі-

лікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау дауыс

берудің құпиялылығы сақталып, жалпыға бірдей төте

сайлау құқығы негізінде өткізіледі. Республика азаматта-

рының сайлауға қатысуы ерікті.



Сайлаудың *төте* және
төте емес
(жанамалы) түрлері
болады

Төте сайлауда
сайлаушылар
кандидаттар
үшін тең құқықта,
тікелей
дауыс беруге
қатысады

Төте емес сайлауда
(жанама сайлау деп те
аталады)
сайлаушылар белгілі
бір
кандидаттарға дауыс
бермейді, тек оны
іріктеушілерге дауыс
береді

Қазақстанда жаңа сайлау жүйесінің енгізілуі қоғамның саяси жүйесін одан әрі демократияландыруға едәуір ықпалын тигізді. Парламент сайлауы мен оны қалыптастыруда саяси партиялардың белсенділігі арта түсті. Партиялық тізіммен дауыс беруге рұқсат етілген 2000 жылғы соңғы сайлау кезінде бұл анық байқалды. Бұл жағдай өз кезегінде елдің саяси өмірін одан сайын жандандыра түсті. Мұны мынадан көруге болады: 1998 жылдың соңы мен 2000 жылдың басында Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде «Қазақстан азаматтық партиясы», «Қазақстан халықтық республикалық партиясы», «Отан» республикалық саяси партиясы, «Қазақстан аграрлық партиясы» және басқа да партиялар тіркеуден өтіп, өмірге жолдама алды.

**Жалпыға бірдей сайлау құқығы деп, мемлекеттің
сайлауға қатысуға құқығы бар барлық
азаматтарының сайлауға қатысуын айтады.**

**Әлбетте, сайлауға соттар қабілетсіз деп танығандар,
сол секілді еркінен айрылып, түрмеде отырғандар
қатыспайды. Сондай-ақ кейбір елдердің
конституциялары мен заңдары мұнан басқа да
шектеулер ықтимал. Мысалы, Түркия Республикасының
Конституциясының 67-бабында “жалпыға бірдей
сайлауларға дауыс беруге нағыз әскери қызметтегі
солдаттар мен унтерофицерлер, әскери курсанттар
қатыса алмайды” деп көрсетілген**

**Тең сайлау құқығы.
Сайлаушылар сайлауларға тең
құқықтар
негізінде қатысады**

**Төте дауыс беру.
Кандидаттарды
азаматтар
тікелей сайлайды**

**Жасырын дауыс беру.
Сайлаушылардың өз
еркімен көңіл
білдірулерін
бақылауға алуға
тыйым салынады**

**Сайлау еркіндігі.
Сайлау азаматтардың
сайлауға және
сайлануға
байланысты
өз құқықтарын еркін
жүзеге асыруына
негізделеді**

**Сайлау құқығы
белсенді(активті) сайлау
құқығына
және
белсенді емес (пассивті)
сайлау құқығына
бөлінеді**

**Біріншісінде –
сайлаушылар
дауыс берсе**

**Екіншісінде –
сайланып қойылатын
лауазымға үкіметкерлік
құқығы беріледі**

**Дүние жүзінде
сайлау
жүйесінің негізгі
үш түрі бар**

Мажоритарлық

***Тепе-теңдік
(пропорциялық)***

Аралас

Мажориталық (мажор – көтеріңкі, көңілді деген француз сөзі) деп, дауыс беру нәтижелерін берілген дауыстың көпшілікті принципімен анықтайтын сайлау жүйесін айтады.

Өз кезегінде, мажоритарлық жүйе төмендегі екі түрге бөлінеді:

- * берілген дауыстардың абсолютті басымдылығына
- * берілген дауыстардың салыстырмалы (относительно) басымдылығына

Абсолютті басымдылық жүйесінде сайлаушылардың 50 проценттен (50% +1) басымы дауыс бергенде кандидат сайланды деп есептеледі. 1958 жылдан бері мұндай жүйе Францияда бар.

Ал, салыстырмалы басымдылық жүйесінде басқа кандидаттардың бәріне қарағанда көп дауыс алу мүмкіндігіне орай жеңген кандидат сайланады. Мұндай жүйе өте көп таралған әрі көп қолданылады.

Тепе-теңдік (пропорциялық) сайлау жүйесінің мжоритарлық сайлау жүйесінен айырмашылығы бар. Яғни, тепе-теңдік сайлау жүйесі басымдылық принципіне емес, қайта алынған дауыстар мен жеңіп алынған мандаттардың тепе-теңдік принципіне сүйене жасалады.

Тепе-теңдік жүйе толық (яғни, сайлау округі болып бүкіл ел саналса) және шектеулі (яғни, елдің аумағында бірнеше округтер құрылған болса) болуы мүмкін. Тепе-теңдік жүйе бойынша Жапония, Бельгия, Италия, Норвегия, ФРГ, Швейцария және т.б. елдер сайлау өткізеді.

Тепе-теңдік жүйеде әрбір саяси партия сайланатын орынға өзі кандидаттарының тізімін ұсынады, ал сайлаушылар, әдетте, бұл тізімге тұтастай дауыс береді.

Аралас жүйе деп парламенттің бір бөлігін мажориталық жүйемен, бір бөлігін партиялық тізіммен (тепе-теңдік жүйемен) жүзеге асыруды айтады.

Аралас жүйе, мысалы, Герман Бундестагына сайлауда ФРГ-де қолданылады. 1994 жылы 16 қазанда Бундестагтың кезекті сайлауында депутаттардың жартысы (барлық депутаттар - 656) бірмандатты округтер бойынша көпшілікке бағынышты мажоритарлық жүйемен, ал екінші жартысы-тепе-теңдік жүйемен (саяси партиялардың тізімі бойынша) сайланды